

Корпоративтік Университеттің мақсаттары мен міндеттері


Елдің үдемелі индустриялық-инновациялық дамуы оған жоғары оқу орындарының қатысуының жаңа жүйесін қалыптастыру қажеттігін айқындайды. Осы бағытта сенімді алға баса отырып, ҚарТУ заманауи инновациялық-зерттеу университеті ретінде дамуда. Қарағанды техникалық университеті қызметінің жоғары нәтижесіне ҚарТУ базасында Қазақстандағы алғашқы болып 2008 жылы құрылған Корпоративтік Университет (КУ) есебінен айтарлықтай дәрежеде қол жеткізілді. Корпоративтік университеттің артықшылықтары оның қатысушыларының құрамын едәуір арттыруға мүмкіндік берді: 2008 жылы 22 – ден, 2015 жылы 86-ға дейін. Беларусь ұлттық техникалық университеті, «Минск трактор зауыты» ӨБ, «Белаз – «Белаз-холдинг» холдингінің Басқарушы компаниясы» ААҚ сияқты ірі ғылыми және өндірістік ұйымдар жаңадан қабылданды.



Корпоративтік Университет құру жөнінде ҚарТУ-да өткен дөңгелек үстел отырысы

Корпоративтік Университет Қазақстанның үдемелі индустриялық-инновациялық дамуының мемлекеттік бағдарламасын іске асыру аясында құрылатын жобалар үшін кадрлар даярлау проблемасын шешуде ерекше орын алады.

ҚР Еңбек министрлігі басшысының шешімі бойынша жобаларды кадрлармен қамтамасыз етуді негізінен кәсіпорындар мен компаниялардағы, білім беру ұйымдарындағы оқу орталықтары жанынан қайта даярлау және біліктілігін арттыру арқылы жүргізу көзделеді. Осы бағытта ҚарТУ-ға корпоративтік университеттің өнеркәсіптік ұйымдарының белсенді қолдауымен көлік, энергетика, тау-кен металлургия кешені және машина жасау сияқты салалар үшін жұмысшы кәсіптерінің мамандарын даярлауды жүзеге асыратын орталық құрылды.



2011-2015 жылдарға арналған КУ кәсіпорындарында мамандарға деген қажеттілік.

Корпоративтік университетті дамытудың стратегиялық бағыты бірлескен оқу-ғылыми-өндірістік орталықтар құру, кәсіпорындардың жетекші мамандарын сабақ өткізуге тарту,

студенттердің практикалық дайындығын жетілдіру, олардың нәтижелерін оқу процесіне енгізе отырып, бірлескен ғылыми - зерттеу жұмыстарын жүргізу және ПОҚ тағылымдамаларының тиімділігін арттыру болып отыр.

2011 жылғы 7 қазанда ҚарТУ ұйымдастырған Қазақстан маркшейдерлерінің бірінші съезінде құрылған Қазақстан маркшейдерлер одағы Корпоративтік Университеттің дамуына жаңа ағым енгізді. Съезде Орталық кеңес бекітілді, оның құрамына Қазақстанның ірі кен кәсіпорындарының маркшейдерлік қызметтерінің басшылары кірді. Президент болып ҚарТУ «Маркшейдерлік іс және геодезия» кафедрасының меңгерушісі профессор Ф.К. Низаметдинов сайланды. 2013 жылғы 15 ақпанда ҚарТУ-да «Маркшейдерлік істегі инновациялық технологиялар» атты екінші Халықаралық маркшейдерлік форум өтті, оған Қазақстанның кен өндіру саласының жетекші мамандары қатысты.